

Алматыдағы жойқын жер сілкіністері



Жер сілкінісі – геологиялық , табиғи құбылыс. Олар кез келген жерде пайда болуы мүмкін. Мысалы, соңғы уақытта халықты дүр сілкіндірген Алматы қаласындағы жер сілкінісін айта аламыз.

Алматы облысында қаңтардың 23-і тағы бір жер сілкінісі тіркелді. Мамандардың сөзінше сан ғасырды бастан өткерген алып шаһар соңғы 130 жылда ғана екі рет толықтай қирап, қайта тұрғызылған.

Алматыдағы жер сілкінісінің тарихы қалай бастау алады?

Қазақстандағы ең қауіпті , әрі сейсмикалық қала – еліміздің таулы аймағында орналасқан Алматы қаласы. Алматыдағы ең алғашқы жойқын жер сілкінісі 1870 жылы 9 маусымда тіркелген. Ол кезде қала атауы Верный болған , ал бұл оқиға деректер бойынша “ Вернендік апат “ деп аталады. Кейінгі екінші жойқын жер сілкінісі 1910 жылы 22 желтоқсанда тіркелген екен. Қаладағы екі алапат зілзаладан кейін , қирап қалған Алматы қаласы қайта қалыпқа келтіріліп, бүгінде шаһарда адам саны 2 миллионнан асады.

Жер сілкінісі белгісіз болатын табиғи апат. Әсіресе таулы аймақта орналасқан қалада - жер сілкінісі аяқ асты болады. Мысалға Алматы қаласын алатын болсақ , соңғы жылдары қала аумағы кеңейіп , ғимараттардың төзімділігін анықтау мүмкін болмай кеткен. Сәйкесінше , жер сілкінісінің алдын алу шарттарын орындау да қиындықтар тудыруда. Сол себептен қала тұрғындарына кез келген уақытта жер сілкінісіне сақадай сай болуы қажет .

Табиғи апат кезінде қандай қауіпсіздік шараларын жасау қажет?

- **Үрейге бой алдырмай , сабырлы болыңыз ;**
- **Тез қозғалыңыз , егер үлгеріп жатсаңыз , газ , су , жарықты сөндіріп шығуға тырысыңыз ;**
- **Ғимараттар мен электр бағандары өтетін жерден қашықтау, ашық алаңға тұрыңыз, электр желілеріне, газ құбырларына жоламаңыз ;**

Жер сілкінісінің алдын алу шаралары қарастырылудама ?

Қазіргі жаңартылған сейсмикалық карта бойынша еліміздің оңтүстік және шығыс аймақтарында қауіп жоғары. Мұнда жер сілкінісінің қуаты 9-10 балға дейін жетуі мүмкін. Ал, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Ұлытау облысындағы дүмпу күші алты балға дейін барады. Ал, қалған өңірлер қауіпсіз аймақта. Төтенше жағдайлар министрі орынбасарының айтуы бойынша , материалдық болмаса да моральдық тұрғыдан дайынбыз, дейді. Дегенмен, ведомство дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайтуға бар күшін салмақ.

Бірінші кезекте қаладағы мектептердегі сейсмокүшейту қолға алынбақ. Себебі , Алматыда зілзала бола қалса , мектептер зардап шеккендерге пана ретінде берілетін ғимарат . Бұған қоса ел болашағы – балалар , ал олардың көп уақыты сол мектеп ғимаратында өтеді.

Жер сілкінісі кенеттен пайда болады және қас-қағым сәтте өтеді. Сол себептен, қай жерде болмасаңыз да, уйде ,жұмыста, далада, көлікте апат орын алған жағдайдағы өзіңіздің іс-әрекеттеріңізді алдын-ала жоспарлап қойғаныңыз абзал.